

Исатай ауданында "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 85 қаулысы Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 маусымда N 4-4-139 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 шілдедегі N 131 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2010.07.26 N 131 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н. Құрманғалиева) селолық округ әкімдерімен және жұмыс беруші кәсіпорын, мекемелермен бірлесіп, "Жастар тәжірибесіне" арналған жұмыс орындарын ұйымдастырсын және осы мақсатта бөлінген қаражатты толық, уақтылы игеруді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Қосымшаларға сәйкес "Жастар тәжірибесіне" байланысты жұмыс беруші кәсіпорын, мекемелердің тізбесі мен еңбек ақыны есептеу жүйесі бекітілсін (1, 2-қ о с ы м ш а л а р) .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Ө т е ғ а л и е в к е жү к т е л с і н .

4. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі

З. Сүйнешов

К е л і с і л д і :

"Жайықмұнайгаз" өндіру
басқармасының бастығы

Аудандық салық басқармасының
бастығы

_____ О. Сарбөпеев

_____ Қ. Насипов

25.05.2009ж.

25.05.2009ж.

Аудандық телекоммуникация
торабының бастығы

Жайық-Каспий экология
департаментінің Исатай ауданы
бойынша мемлекеттік инспекторы

С.Арыстанов

Қ. Науанов

25.05.2009ж.

25.05.2009ж.

"Әдемі үй–Кірпіш зауыты"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің

"Болат Д" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры
директоры

Қ. Қағазов

Н.Қайреденов

25.05.2009ж.

25.05.2009ж.

Аудан

әкімдігінің

2009

жылғы

15

шілдедегі

№ 113 қаулысына 1-қосымша

"Жастар тәжірибесін" ұйымдастыратын кәсіпорын, мекемелер тізімі

N	Мекемелер аты	Адам саны
1	Жайықмұнайгаз өндіру басқармасы (келісім бойынша)	10
2	Аудандық білім бөлімі	4
3	Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі	2
4	Жайық–Каспий экология департаментінің Исатай ауданы бойынша бөлімі (келісім бойынша)	2
5	Аудандық салық комитеті басқармасы (келісім бойынша)	4
6	Аудандық жер қатынастары бөлімі	4
7	Алынып тасталды	
8	Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2
9	Селолық округтер әкімі аппараттары	7
10	Алынып тасталды	
11	"Әдемі үй–Кірпіш зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3
12	"Болат Д" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	3
13	Аудандық телекоммуникация торабы (келісім бойынша)	2
14	Аудан әкімдігі	2
15	Аудандық Әділет басқармасы (келісім бойынша)	2
16	Аудандық қазынашылық бөлімі (келісім бойынша)	3
17	Исатай аудандық Халық банк басқармасы (келісім бойынша)	3
18	Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2
	Барлығы	55

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Исатай ауданы әкімінің 2009.07.15. № 113 қаулысымен.

Аудан

әкімдігінің

2009

жылғы

26

мамырдағы

85 қаулысына 2-қосымша

"Жастар тәжірибесі" бағдарламасына сәйкес бір адамға төленетін еңбек ақыны есептеу жүйесі

Р/с	Төленетін еңбекақы	Оның ішінде			Қолға тиесілі ақы
		Есептелген еңбекақы	Зейнетақы қорына аудару 10%	Табыс салығы 10%	
1	2	3	4	5	6
1	15000	15000	1500	3	13497

Есептеу жолы:

1. гр.2 15000 (есептелінген еңбек ақы) – 1500 (ЖЗҚ мөлшері 10%)
5. гр.5 15000 (есептелінген еңбекақы) - 1500 (ЖЗҚ мөлшері 10%) – 13470 = 30* 10%=3 теңге.
6. гр. 6 15000 (есептелінген еңбекақы) – 1500 (ЖЗҚ мөлшері 10%)- 3 (табыс салығы)=13497 теңге.